



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӨНДІРІС САЛАСЫНДАҒЫ АПАТ ҚАШАН АЗАЯДЫ?



«Қазақмыс» кәсіпорындарында жиілеп кеткен жазатайым оқиғалар өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне тиісті деңгейде көңіл бөлмеудің бірден-бір салдары екені анық.

(Жалғасы 3-бетте)

«ШЫН МӘНІНДЕ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ 50-60 ПАЙЫЗДЫ ҚҰРАП ОТЫР»

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2024 жылғы 1 желтоқсанда Қазақстан халқының саны 20 265 320 адамға жетті. Қала тұрғындарының саны 253 мыңға артып, 12,75 миллионға жетсе, ауыл халқы 3 мың адамға азайып, 7,514 миллионды құрады. Ерлер саны 9 901 542, ал әйелдер саны 10 363 778 адамды құрады. Халықтың табиғи өсімі 217,1 мың адамға жетті. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің болжамы бойынша, 2030 жылы қала халқының саны 14 миллионға, ал 2050 жылы 20 миллионға жетуі мүмкін. Жалпы, халық саны 2050 жылы 26,5 миллионға дейін өсуі ықтимал. Осы демографиялық өзгерістер мен қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік айырмашылықтар туралы тарих ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Қалышпен сұхбаттастық.

– Қазақстандағы халық санының өсуіне қандай негізгі факторлар әсер етуде? Табиғи өсім мен көші-қонның демографиялық саясаттағы рөлі қандай?

– Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін елімізде қиын жағдай қалыптасты. Өндірістер жабылып, совхоздар мен колхоздар тарарды, халықтың тұрмысы нашарлады. Депопуляция процесі жүріп, кейбір этностар тарихи отандарына көшті, халық саны 25-30 пайызға дейін азайды. Жастар мен білікті мамандар елден кетті. Дегенмен осы кезеңде 1,5 миллионнан астам қазақ тарихи отанына оралды. Менің ойымша, бейресми келгендерді қосқанда, бұл сан 2 миллионға жуық. Мен Моңғолия, Ауғанстан, Қытай және Орталық Азия қазақтарын зерттедім, бірнеше кітап жаздым. Алғашқы көш 90-жылдары Моңғолиядан басталды. Баян-Өлгий, Ховд аймақтарынан, Улан-Батыр маңынан Шығыс Қазақстан мен Жетісу өңірлеріне көп қазақ қоныс аударды. Олардың шамамен 30 пайызы қайта оралса, қалғандары жаңа ортаға бейімделіп, кеткен халықтың орнын толтырды.

– Ұлттық статистика бюросы таратқан ақпаратқа сәйкес, қазақ ауыл халқы 3 мың адамға азайып, ауылда 7,514 миллион адам қалды. Сіздің ойыңызша, ауыл халқының азаюы қандай әлеуметтік және экономикалық мәселелер туындатуы мүмкін?

(Жалғасы 5-бетте)

АЛТЫН КӨПІР

Naгhоz университеті құқық және мемлекеттік басқару мектебі студенттеріне Сенат төрағасының орынбасары Жақып Асанов дәріс оқыды. Жастардың саяси мәдениеті мен құқықтық, философиялық көзқарастарын қалыптастыруға ықпал еткен дәрістің берері мол.

СЕНАТОР ДӘРІСІ

«Әлем қарқынды өзгеруде және мемлекеттік басқару бұл өзгерістерге сәйкес келіп қана қоймай, олардан озық болуы қажет», – дейді спикер. Ол заң саласындағы ең алғаш тәжірибесінен бастап, толысқан, орныққан кемел жасқа дейінгі кәсіби портфолиосын білім, білік және дағды атты ұштағанға тоғыстыра келе, осы қасиеттердің бәрі ізгілік пен адамгершілік, әділет таразысынан елеп, екшеп, пайымдап барып шешім шығаруда деп атады.

Дәріске тиек болған тезис – жас адамның өмірлік мақсаты мен болашақ қызмет траекториясын саналы түрде саралап, талғап, өзінің мүмкіндіктері мен қарым-қабілетін бағыттау. Бұл тұрғыда, салықалы да сарабдал заңгер нағыз көшбасшы – тек процесті және адамдарды басқаратын адам ғана емес, ең

алдымен, өзін-өзі басқарып, болашақты құра алатын тұлға деп таниды.

Дәрісті тыңдаған болашақ заңгер, саясаткер, дипломат мамандары рухтанып, дәріскердің сұрақтарына жарыса жауап беріп, өздерін қызықтырған сұрақтарды қойып, кездесу интерактивті қалыпта өрбіді.

Жүздесуге қатысқан студенттің бірі Индира Хасанова дәрістің өте пайдалы, ақпаратқа толы және қызықты болғанын атып өтті. Спикердің күрделі жағдайларды қарапайым түсіндіріп, оны күнделікті өмірдің бір бөлігі ретінде айтуы ұнаған. «Бізге ұсынған үш қағида соншалықты қиын емес, бірақ оған төзім, білім және ізденіс керек. Мәселен, жаңа істі бастағанда тек ең маңыздысына фокус қою. Өз ортаңнан кәсібін адал игерген мамандарды



қолдап, командалық жұмыстарға жұмылдыра білу. Сондай-ақ озат құралдар мен технологияларды үйрену және тиімді пайдалана алу. Бұл ойлар менің оқу мен жұмысқа деген көзқарасымды өзгертті» – дейді Индира Хасанова.

Жақып Асановтың дәрісі студенттерге, оқытушы, профессорларға құқықтық жүйе,

басқару және реформалар туралы терең түсінік беріп, олардың болашақ кәсіби дамуына құнды үлес қосты.

Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА,
Naгhоz университетінің
профессоры

3-бет



Тиктоктың тәрбиеге салқыны көп

4-бет



Қарттардың қаржысына қамқорлықпен қарайық!

8-бет



Қатыгез келіншек

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

26. Трихофития ауруы және оның алдын алу шаралары.

Трихофития – Дермотомикоз (теміреткі) – ауру адамнан адамға, үй жануарлар мен жабайы жануарлардан адамға жұғатын терінің жұқпалы ауруы.

Аурудың қоздырғыштары қарапайымдар тобына жататын саңырауқұлақтар. Терінің ылғалдылығы аурудың қоздырғыштары үшін қолайлы қоректік орта болып табылады, көбінесе адамдардың бетінде, бастың шашты бөлігінде, мойындарында, қолында, яғни дененің ашық жерлерінде кездеседі.

Ауруға шалдыққан үй жануарларын ветеринарлық дәрігерлерге көрсетіп, емделу қажет.

Ауруды жұқтырған күннен бастап 2-3 аптадан кейін аурудың белгілері басталады. Науқас аздап қышуды байқайды. Зақымданған тері қызарып, кейде іріндейді.

Дер кезінде емделмесе, ауру созылмалы түріне ауысуы мүмкін.

Алдын алу: қоғамдық орындарда аяқ киімсіз болмауы (монша, сауна, бассейндер, спорттық зал). Өзге адамның аяқ киімі мен киімдерін кимеу, өзге адамдардың орамалын қолданбау. Киім мен аяқ киімдерді таза ұстау. Иммунитетті қалыпты ұстау және дұрыс тамақтану. Иесі белгісіз иттер мен мысықтарды ұстамау. Үй жануарларын ұстағаннан кейін қолды сабындап жуу. Теріде қызару, қабыршақтану, шаштың түсуі және сыну белгілері пайда болғанда дереу дәрігерге қаралу қажет. Саңырауқұлақ ауруы кезінде емдеу алдын алу шараларын ұйымдастыру, әдістемелік басшылық ету және үйлестіруді тері-венерологиялық диспансерлері, ауруханадағы тиісті бөлімшелер немесе емханадағы кабинеттер жүзеге асырады. Үйде ем алып жатқан аурудың пәтердегі басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға, сонымен бірге монша, бассейн және шаштаразға баруына болмайды. Айналасындағы адамдардан оқшаулау мақсатында науқастың жеке төсек-орын және жеке гигиеналық заттары (тарак, сабын, бет орамал және көрпе-төсектері) болуы тиіс. Санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарының залалсыздандыру бөлімшелерінің емдеуші дәрігерлердің өтінімдері бойынша науқасты оқшаулау сәтінен бастап микропория, трихофития және дермотомикоз ошақтарында қорытынды залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Қ. ЫНТЫМАХОВ,
Келес аудандық дезинфекция секторының
нұсқаушы дезинфекторы

25. Жарқайың ауданының «Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 241240002579) өзінің қайта ұйымдастырылуы туралы Жарқайың ауданының «Дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (БСН 241240002619) біріктіру жолымен Жарқайың ауданының «Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесіне хабарлайды.

Шағым Ақмола облысы, Жарқайың ауданы, Державинск қаласы, Захаров көшесі, 37 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Байланыс телефоны 8(71648)9-26-17.

ТАРАТУ

4. Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 5 ақпандағы №20 қаулысына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Самар ауданының «Достық үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 2302400030868) таратылуда. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. Мекенжайы: ШҚО, Самар ауданы, Самар ауылы, Букетов тұйық көшесі, 68-үй.

8. 10.02.2025 жылы «Арлан» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі» өндірістік кооперативі (БСН 160940008188) тарату туралы шешім қабылдағандығы жөнінде ҚР Азаматтық кодексінің 50-бабының 1-тармағы негізінде хабарлаймыз.

10. «Альтиус Холдинг Лимитед» филиалы (БСН 220641051086) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметін тоқтату және тіркеу есебін шығару туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Иманов көшесі, 19-ғимарат, тел. 87078513812.

17. «БҚО дарынды балаларға арналған мамандандырылған ақпараттық технологиялар мектеп-лицей-интернаты түлектерінің қауымдастығы (педагогикалық лицей)» ҚБ (БСН 231240014145) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, У. Громова көшесі, 2/4 құрылыс.

18. Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 30 қаңтардағы № 468 қаулысымен «Ақтөбе Таза Қала» ЖШС (БСН 091240005879) тарату туралы шешім қабылданды. Талап-шағымдар мына мекенжай бойынша екі ай ішінде қабылданады: Ақтөбе қаласы, Т.Ахтанова көшесі, 50-үй, 8(7132)41-63-72.

19. «PCY Химэкс» ЖШС (БСН 161140002965) таратылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, 2-ші шағынауданы, 24-үй, 4-пәтер, тел. 87479875281.

20. «Asia gold plus» ЖШС (БСН 200440009900) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Павлодар қаласы, Естай көшесі, 83, 294 т.е. үй-жай, тел. 87075577781.

21. «VoVo Kazaxstan» ЖШС (БСН 220340028828) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Серіктестіктің алдында міндеттемелері бар кредиторлар осы хабарландыру жарияланған

27. РМК «Қазводхоз» Ақмола филиалы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 14 ақпандағы № 20-НҚ бұйрығына сәйкес тарату желілері арқылы сумен жабдықтау (Ижевск ӨК) қызметіне 2025 жылдың 1 наурызынан бастап жаңа тарифтің енгізілетіні туралы хабарлайды

Тұтынушылар топтары	Тұтынушылардың атауы	Бекітілген сараланған тарифтер	
		теңге/м³ ҚҚС-сыз	теңге/м³ ҚҚС-пен
1 - топ	халықтың санатына жататын жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз мұқтаждарына суды тұтыну көлемі және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде (ыстық сумен жабдықтаудың ашық жүйесі кезінде) қоректендіру көлемі шегінде, бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар көлемінің шегінде жылу энергиясын беруден және бөлуден айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласында реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын ұйымдар	220,60	247,07
2 - топ	басқа тұтынушылар – бірінші және үшінші топтардың құрамына кірмейтін заңды тұлғалар	636,29	712,64
3 - топ	Бюджеттік қаражат есебінен қамтылатын ұйымдар	1 008,98	1 130,06

сәттен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша өз талаптарын мәлімдей алады: Алматы қаласы, Іле тракті, 11-үй, тел. 87717419100.

24. «Ақ-қала» ЖШС (БСН 990640004513) өзінің таратылатын туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ОҚО, Сайрам ауданы, Манкент ауылдық округі, Манкент ауылы, Аққала учаскесі, 82, пошта индексі 160800.

ӨРТУРА

2. «Завод ЖБИ-35» ЖШС (БСН 140940017193) өзіне «Торговый дом «ТолерИС» ЖШС (БСН 080940011765) қосу жолымен өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Толстой көшесі, 122-үй, 17-кабинет, электронды мекенжайы: zhb35@mail.ru.

3. «Торговый дом «ТолерИС» ЖШС (БСН 080940011765) «Завод ЖБИ-35» ЖШС-не (БСН 140940017193) қосылу жолымен өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Толстой көшесі, 122-үй, 5-кабинет, электронды мекенжайы: tolerisss@gmail.com.

9. Хабарландыру Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мұрағаттар және құжат айналымы комитетінің «Орталық мемлекеттік мұрағаты» РМУ, «Алматы қаласы, Алматы ауданы, Абай даңғылы, 39 мекенжайындағы бар құрылыстарды (гараж және қойма) бұза отырып, Орталық мемлекеттік архив үшін жаңа архив қоймасын салу» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жария талқылаулар бірінші экологиялық порталдың (https://ecoport.kz/) сайтында жарияланған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

2025 жылғы 4 наурыздан бастап қоғамдық талқылау өткізіліп, ескертулер мен ұсыныстар қабылданады. Әзірлеуші: «Астанаинжпроект» ЖШС, Астана қаласы, Нұра ауданы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 5-үй, 62-пәтер.

Жобаға қатысты құжаттарды, ескертулер мен ұсыныстарды akerke@baitauin.kz электрондық поштасына немесе +77778908808 телефон нөміріне жолдауға болады.

15. ТОО «Талғар-Спирт» (бұдан әрі – Серіктестік) Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 45-бабына сәйкес қатысушылардың кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы хабарлайды.

Серіктестік қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібі: 1. Серіктестіктің жылжымайтын мүлкін – жер учаскесін, кадастрлық нөмірі 03:057:012:527, онда орналасқан ғимараттар мен құрылыстарды «ForteBank» АҚ-на кепілге беру туралы, мекенжайы: Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302, бұл «МУНАЙ-INTEGRATION» ЖШС-нің «ForteBank» АҚ алдындағы қарызын/несиелік желісін орындауды қамтамасыз ету үшін.

2. Серіктестіктің жылжымайтын мүлкін – жер учаскесін, кадастрлық нөмірі 03:057:012:529, онда орналасқан ғимараттар мен құрылыстарды «ForteBank» АҚ-на кепілге беру туралы, мекенжайы: Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302А, бұл «МУНАЙ-INTEGRATION» ЖШС-нің «ForteBank» АҚ алдындағы қарызын/несиелік желісін орындауды қамтамасыз ету үшін.

3. Серіктестіктің жылжымайтын мүлкін – жер учаскесін, кадастрлық нөмірі 03:057:012:527, онда орналасқан ғимараттар мен құрылыстарды «ForteBank» АҚ-на кепілге беру туралы, мекенжайы: Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302, бұл «ARGYMAQ TRADE» ЖШС-нің «ForteBank» АҚ алдындағы қарызын/несиелік желісін орындауды қамтамасыз ету үшін.

4. Серіктестіктің жылжымайтын мүлкін – жер учаскесін, кадастрлық нөмірі 03:057:012:529, онда орналасқан ғимараттар мен құрылыстарды «ForteBank» АҚ-на кепілге беру туралы, мекенжайы: Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302А, бұл «ARGYMAQ TRADE» ЖШС-нің «ForteBank» АҚ алдындағы қарызын/несиелік желісін орындауды қамтамасыз ету үшін.

5. Кепіл шарты мен қосымша келісімдерге қою жөнінде өкілеттік беру. Өтетін орны мен уақыты: 2025 жылдың 24 наурызы, сағат 11:00-де, мекенжайы: Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302.

Кезектен тыс жалпы жиналыс Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 47-бабына сәйкес өткізіледі.

Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен Алматы облысы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 302 мекенжайында танысуға болады, тел. 8 (727)3936990.

16. «Nova Sport Distribution» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 080640008289) өзінің кредиторлары мен мүдделі тұлғаларын қатысушының үлесін ішінара өтеу арқылы жарылық капиталдың азаюы туралы хабарлар етеді. Талаптар мен наразылықтар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, А.Пушкин көшесі, 4-үй, 7-ұрғын емес үй-жай.

5. 2014 жылдың 28 сәуірінде қайтыс болған Кененбаев Тансық Мамайұлының артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулері керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

11. 2024 жылдың 19 желтоқсанында қайтыс болған Сеитова Жанат Суттибаевнаның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келетіндер болса, нотариус Сарсенбаева Анар Сапиевнаға келулері керек: Алматы қаласы, «Мамыр-3» шағынауданы, 22-үй, 30-пәтер, тел. 87017662956.

12. 2015 жылдың 12 шілдесінде қайтыс болған Кониршаева Злиханьның артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулері керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

13. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Нугманова Роза Юсуповна 08.11.1962 жылы туған, 2025 жылдың 15 қаңтарында қайтыс болған Ильясов Балғабек Қазымұлының артынан мұрагерлік іс ашылғанын хабарлап, мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлердің Жаңаөзен қаласы, «Самал» шағынауданы, 1/2 үй, 20-к мекенжайы бойынша хабарласуын сұрайды.

14. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Нугманова Роза Юсуповна 01.03.1967 жылы туған, 19.12.2024 жылы қайтыс болған Буркитова Жанна Кайроловнаның артынан мұрагерлік іс ашылғанын хабарлап, мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлердің Жаңаөзен қаласы, «Самал» шағынауданы, 1/2 үй, 20-к мекенжайы бойынша хабарласуын сұрайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мен Сот әкімшілігінің ұжымы Жоғарғы Соттың судьясы Нұрия Оралжанқызы Сисеноваға әкесі

Оралжан Сүйегеновтің

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ақтөбе облысының судьялары Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының судьясы Сисенова Нұрия Оралжанқызына және оның отбасына әкесі

Оралжан Сүйегеновтің

меңгізгіс өмірден озуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Әскери сотының төрағасы, Судьялар одағының филиалы және Әскери соты департаментінің ұжымы Гульмира Торбаевна Усмановаға әкесі

Төрбай Бухарбаевич Усмановтың

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарының ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолың көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф. 509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кенсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кенсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «ТРАДЕ and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-05-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖК Оаумаға. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.